

**А.О. Спатай¹, М.М. Байбекова¹, А.Р. Есенқұлова¹,
Х.Т. Наубаева², Ш.У. Унгарбаева²**

¹SILK WAY Халықаралық университеті, Қазақстан, Шымкент қ., e-mail: aigul.spatai@mail.ru,
e-mail: kaabdan@mail.ru, e-mail: esenkulova@mail.ru

²І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,
Қазақстан, Талдықорған қ., e-mail: t.hapiza59@mail.ru, e-mail: zhanar_19@mail.ru

ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЯРЛЫҒЫ МЕН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТЕНУІНІҢ ҮЗДІКСІЗ КӘСІБИ БІЛІМДЕНУІНЕ ӘСЕРІ

Бұл мақалада қазіргі білім беру жағдайы өткенмен салыстырғанда өзгеше сипатқа ие. Оқытушылардың психологиялық даярлығы мен инновациялық әлеуметтенуінің үздіксіз кәсіби білімденуіне әсері өмір салтын қалыптастыратын мәселелер еліміздің әлеуметтік және технологиялық маңызды өзгерістерімен айқындалуда. Білім берудің жаңа деңгейі өз дәрежесіне сай келуі, яғни техникалық және ғылыми прогреспен бірге алға жүріп отыруы керек. Университет өмірінде үздіксіз оқу-тәрбие процесінің жемісі, әрбір студентке жеке тұлға ретінде қарап, оның өзіне тән санасы, өзіндік әрекет жасай алатын ортасы бар екеніне бағыттау оқу процесіндегі ең маңызды факторлардың бірі болып табылатындықтан, оның өзгешеліктері мен кемшіліктерін, айырмашылықтарын, әсерін, құндылықтарын талдау күшті зерттеулерді, инновациялық қатынастар аумағындағы көптеген сұрақтардың жауабын іздестіруді талап етеді. **Осы сәттен бастап Қазақстандағы білім беру жүйесін жаңғырту басталады, дәстүрлі білім беруді өзгертуге жүйелі әрекет жасалуда, білім беру процесінде педагог пен білім алушының өзге (классикалық мазмұннан өзгеше) мазмұны, тәсілдері, өзара әрекеттесуі ұсынылады. Бұл үдерістердің себебі қазіргі білім беру жүйесінің қазіргі заманғы ақпараттық, жоғары технологиялық әлемнің талаптарына жауап беруге қабілетсіздігінен туындайды.**

Түйін сөздер: үздіксіз кәсіби білім беру, оқытушы, психологиялық, даярлық, инновация, әлеуметтену, университет, студент, технократия.

A.O. Spatai¹, M.M. Baibekova¹, A.R. Yessenkulova¹, H.T. Naubaeva², S.U. Ungarbaeva²

¹SILK WAY International University, Kazakhstan, Shymkent,
e-mail: aigul.spatai@mail.ru, e-mail: kabldan.94@mail.ru, e-mail: esenkulova@mail.ru

²I.Zhansugurov Zhetisu governmental university, Taldykorgan, Kazakhstan,
e-mail: t.hapiza59@mail.ru, e-mail: zhanar_19@mail.ru

The influence of psychological training and innovation of the socialization of teachers on constant professional education

The abstract in this article is the current state of education is distinctive in comparison with the past. The impact of psychological training and innovative socialization of teachers on constant professional education, problems that form the way of life are determined by socially and technologically significant changes in the country. The new level of education must conform to its status and must move in accordance with technical and scientific progress. Whereas in the life of the University, the fruit of the constant educational process is one of the most important factors in the educational process and assumes the attitude to each student as a person, focusing on his self-consciousness, creates an environment of his independent activity, on the analysis of its features and shortcomings, differences, makes the search for answers to many questions and innovative relations. At present, the modernization of the education system is begun in Kazakhstan, the systematic response to the change in traditional education is carried out, other (different from the traditional content) content, methods, interaction of the teacher and the student in the educational process are proposed. The reason for these processes is the inability of the modern education system to meet the requirements of the modern information, high-tech world.

Key words: constant, professional, educational, teaching, psychological, preparatory, innovation, socialization.

А.О. Спатай¹, М.М. Байбекова¹, А.Р. Есенкулова¹, Х.Т. Наубаева², Ш.У. Унгарбаева²

¹Международный университет SILK WAY, Казахстан, г. Шымкент, e-mail: aigul.spatai@mail.ru, e-mail: kabldan.94@mail.ru, e-mail: esenkulova@mail.ru

²Жетысуский государственный университет имени И. Жансугурова, Талдыкорган, Казахстан, e-mail: t.hapiza59@mail.ru, e-mail: zhanar_19@mail.ru

Влияние психологической подготовки и инновационной социализации преподавателей на непрерывное профессиональное образование

В статье проводится анализ проблем современного образования. В частности, рассматриваются такие факторы как психологическая подготовка и инновационная социализация преподавателей, оказывающие влияние на непрерывное профессиональное образование, на формирование образа жизни как студентов, так и преподавателей. Современный мир характеризуется активным развитием научно-технологических процессов, что, в свою очередь, задает новые критерии качества образования. Поскольку образование предусматривает учебно-воспитательную деятельность, которая в настоящее время имеет студентцентрированную стратегию воспитания, важным фактором является индивидуальное отношение к каждому студенту, принимая во внимание его личностную характеристику. Также особый акцент делается на развитие сознательности и самостоятельности студента, что предполагает инновационный подход со стороны преподавателей. Все это в целом положило начало модернизации системы образования в Казахстане, в результате чего проводится системное преобразование традиционного образования, предлагаются новые концепции образования, которые пересматривают содержание, способы, взаимодействие педагога и обучающегося в образовательном процессе. Однако модернизация образования требует времени и поэтапности внедрения, тем не менее, поставленные перед преподавателем задачи ограничены временем, что не позволяет качественно применять новые методы. Все это влечет к неспособности современной системы образования отвечать требованиям современного информационного и высокотехнологического мира. В итоге авторы подчеркивают важность поэтапной модернизации образования, что позволит сделать качественные изменения в системе образования.

Ключевые слова: непрерывное, профессиональное, образовательная, преподавательская, психологическая, подготовительная, инновация, социализация.

Кіріспе

Қазіргі білім беру жағдайы өткенмен салыстырғанда өзгеше сипатқа ие. Оқытушылардың психологиялық даярлығы мен инновациялық әлеуметтенуінің үздіксіз кәсіби білімденуіне әсері өмір салтын қалыптастыратын мәселелер еліміздің әлеуметтік және технократиялық маңызды өзгерістерімен айқындалуда. Білім берудің жаңа деңгейі өз дәрежесіне сай келуі, яғни техникалық және ғылыми прогреспен бірге алға жүріп отыруымыз керек. Университет өмірінде үздіксіз оқу-тәрбие процесінің жемісі, әрбір студентке жеке тұлға ретінде қарап, оның өзіне тән санасы, өзіндік әрекет жасай алатын ортасы бар екеніне бағыттау оқу процесіндегі ең маңызды факторлардың бірі болып табылатындықтан, оның өзгешеліктері мен кемшіліктерін, айырмашылықтарын, әсерін, құндылықтарын талдау күшті зерттеулерді, инновациялық қатынастар аумағындағы көптеген сұрақтардың жауабын іздестіруді талап етеді.

2012 жылы 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған қазақстандық білім беруді жаңғырту тұжырымдамасы қабылданды. Осы сәттен бастап Қазақстандағы білім беру жүйесін жаңғырту басталады, дәстүрлі білім беруді өзгертуге жүйелі әрекет жасалуда, білім беру процесінде педагог пен білім алушының өзге (классикалық

мазмұннан өзгеше) мазмұны, тәсілдері, өзара әрекеттесуі ұсынылады. Бұл үдерістердің себебі қазіргі білім беру жүйесінің қазіргі заманғы ақпараттық, жоғары технологиялық әлемнің талаптарына жауап беруге қабілетсіздігінен туындайды.

Негізгі бөлім

Бүгінгі жағдайда үздіксіз білім беру мәселесін ұғыну және әзірлеуде «парадигмалық ығысу» орын алады. Оның ерекшеліктері арасында дербестендіру – үздіксіз білім алу қызметінің түйіні ретінде жүйенің өзіне емес, тұлғаға бейімделу мәселесі тұр. Сондай-ақ, үздіксіз білім беру субъектінің (тұлғаның) сәйкесінше оқу қабілетінің дамуы ретінде анықталады (Бедерханова, 2008: 46-57). Жоғарыда айтылғанды ескере отырып, үздіксіз білім берудің психологиялық аспектілері басты маңызға ие болғаны.

Үздіксіз білім берудің уақыттық шектері үнемі өзгерген болатын. 1960-1970-шы жылдардан бастапқы оқу кезеңін ескермей, ол түрлі біліктілікті арттыру формаларымен шектелді. Бүгінгі күнде зерттеушілер үздіксіз білім беруді бүкіл білім беру жүйесі ретінде қарастырады да, үздіксіз оқыту процесі ерте жастан басталып, адамның бүкіл өмір бойы жалғасатынын атап өтеді (Бедерханова, 2001: 220).

Оқытушы өз бағытының шеңберінде әлеуметтің және жеке субстанциямен әрекетке түседі. Кеңестік психологияда А.Н. Леонтьев негізін қалаған бұл жалпы көзқарас А.Г. Асмолов (Асмолов, 1992: 7), Ф.В. Бассин (Бассин, 1993: 22), А.В. Брушлинский (Брушлинский, 2004: 20-23), И.В. Дубровина (Дубровина, 2007: 181), Д.Б. Давыдов (Леонтьев, 2007), В.П. Зинченко (Зинченко, 2004: 304), Д.А. Леонтьев (Леонтьев, 2007: 304), В.Н. Мясищев (Мясищев, 1995: 356), А.В. Петровский және В.А. Петровский (Петровский, 2008), В.В. Эльконин (Эльконин, 1994) секілді т.б. ғалымдардың еңбектерінде өз жалғасын тапты. Жеке тұлғаны өзінің тұтастығымен, сыртқы және ішкі қатынастардың күрделі жиынтығымен әлемге және өзіне өзі қарайтын қарым-қатынастар жүйесінде анықталған сипаты шындықты қалыптастыру үшін оны меңгерген жеке тұлғаның дәрежесі болып табылатын «жеке тұлға – объективті шындық» деген ойға келуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге, адам осы қарым-қатынастардың белсенді ұйымдастырушысы және қатысушысы ретінде әрекет етіп, осы немесе басқа шынайылыққа әсерінің күші мен сипатын анықтайды (Зинченко, 2004: 304).

Осылайша, оқытушылардың танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру мен олардың ақыл-ой әрекетін белсендіру мәселелері А.Е. Әбілқасымова, И.Б. Бекбоев, А.К. Көбесов, М.И. Махмутов, Е.Ө. Медеуов, Д. Рахымбек, П.М. Эрдниев және т.б. еңбектерінде қарастырылған. Сонымен бірге оқытудың дәстүрлі әдістерін оқытудың жаңа технологиясына қарай кемелдендірудің жолдары зерттеліп, ізденістер нәтижесінде бірқатар ірі бағыттар айқындалған: оқытушылардың ақыл-ой әрекетін сатылай қалыптастыру П.Я. Гальперин (Макшанов, 2001: 19) және т.б. дамыта оқыту мен танымдық қызығушылықты арттыру Л.В. Занков (Леонтьев, 1997), Г.И. Щукина және т.б. мәселелік оқытуды М. Махмутов, А. Матюшкин (Балагур, 2014) т.б. өз жұмыстарында қарастырды.

Бұл көзқарас С.М. Жақыповтың еңбектерінде өте жақсы ашылған: «Адамдардың бірлескен қызметі басқа адамдармен, топпен ортақ болуын және солай бола тұра оларға қатысты белгілі автономиясының болуын талап етеді. Психикада бұл қарама-қайшылық екі қарама-қарсы үрдістің өзара әрекеті ретінде көрінеді. Олардың бірі қоғаммен кірігу үрдісі ретінде сипатталуы мүмкін. Бұл топтық дағдылар, нормалар, мәдениет стандарттары түрінде жеке адамға берілген іс-әрекеттердің, білімнің,

құндылықтардың, мақсаттардың әдістері мен модельдерін интериоризациялауда көрініс табады; топтық үміттер мен талаптарды іске асыруда; «өзгелерден» алынған ақпараттың, оның ішінде ерікті кезеңі бар ақпараттың қолданылуын игеру және өзгерту: сендіру және иландыру (Джакупов, 2009: 308). Екінші үрдіс «менді» бөлек автономды бірлік ретінде бөліп алудан тұрады. Ол жеке тұлғаның бастамаларында, өз еркінше мақсаттар қоюы мен іс-әрекеттерінің тәсілдерін жасауда, білім, құндылықтар, өзгелерге ақпараттар жеткізу мен оларды белгілі-бір іске жұмсау кезінде және өзін-өзі дәлелдеу кездерінде көрініс табады.

Н.Қ. Тоқсанбаеваның «Оқыту процесі жүйесіндегі танымдық іс-әрекеттің құрылымы» атты ғылыми зерттеу жұмысында бастауыш мектеп жасындағы балалардың оқу материалын жүйелі және мәніне қарай ұғынуында салыстыру ой операциясы негізгі рөлді атқарады. Салыстыру бір нәрсенің өзге нәрседен айырмашылығын немесе екеуінің де ұқсас жақтарын айыру болғандықтан, ой процестерінің ерекше түрі болып саналады. Оқу мазмұнын салыстыруда ой операциясының бірнеше түрлері кездеседі. Сондықтан оны баланың оқуға деген ынтасын арттыру үшін пайдаланамыз – деп атап көрсеткен. (Тоқсанбаева, 2005: 458).

С.М. Жақыпов оқу үрдісінің құрылымын дидактикалық және психологиялық жүйе ретінде сипаттап, онда өзара диалогтық танымдық қызметте өзара әрекеттесудің диадасын көрсетеді: өзара әрекеттесу субъектілері = жеке тұлғалар = өзара әрекеттесу субъектілері. Өз еңбегінде коммуникация жүйесін үш деңгейлі схема түрінде ұсынды: мета-деңгей, макро-деңгей және микро-деңгей. Әрбір деңгейде бірлескен когнитивті әрекеттердің өзгеруі өзара әрекеттесу көздерінің ресурстарын ашу пригдимасы арқылы эмоционалды-мінез-құлықты интеграцияның ең тиімді процесіне әкеледі. Тұжырымдамаға сәйкес, тиімді қарым-қатынас жүйесі бірлескен-диалогтік танымдық іс-әрекет көрсеткіштері арқылы ашылады.

Бірлескен-диалогтік танымдық іс-әрекеттің негізгі нысаны топтық пікірталас, бұл жерде қатысушылар өз көзқарастарын білдіріп, қарсыластармен пікірталасқа түседі, яғни ой мен қабілеттер жарысқа түсіп, стереотипті ойлау, догматикалық көзқарас және бағалау талқыланады.

Жоғары оқу орындарында оқу-тәрбие үрдісінде бірлескен-диалогтік танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру ерекшеліктері:

1. Бірлескен-диалогтік танымдық іс-әрекетте нақты студенттің іс-әрекетіне басқа қатысушылардан қатаң тәуелділік бар;

2. Бірлескен-диалогтік танымдық іс-әрекетте бір қатысушыдан екіншісіне «беру» жүреді, яғни бірлескен іс-әрекеттің қозғалысы жүзеге асырылады;

3. Танымдық еңбек нәтижелерімен тікелей алмасу мүмкіндігі;

4. Бірлескен-диалогтік танымдық іс-әрекетке қатысушылар арасында іскерлік қарым-қатынас туындайды, ол студенттің жеке тұлғасын қалыптастыруға оң әсер етеді;

5. Ұжымдағы ойлау қатынастары дамиды;

6. Бірлескен-диалогтық танымдық іс-әрекет оқу процесінің мазмұнын қайта құруды, студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуды көздейді.

С.М. Жақыпов атап өткендей, тәжірибелік жағдайларда бірлескен-диалогтік танымдық іс-әрекетті модельдеу қажеттілігі бірлескен-диалогтық танымдық іс-әрекет оқыту процесінде қалыптасатын және оның нақты психологиялық мазмұны болып табылатын жүйелі білім болып табылады.

Бірлескен-диалогтік танымдық іс-әрекет студенттердің аналитикалық қабілеттерін ұымдастырады және дамытады, салыстыруға, ең бастысы бөлуге, ақпаратты сын тұрғысынан бағалауға, қорытынды жасауға, жалпылауға, өзіндік пікірлерді дәлелдеуге үйретеді. Ұжымдық ойлау іс-әрекетінің осындай ұйымы ақыл-ой еңбегінің іскерлігін белсенді жаттықтыруға, студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға нақты мүмкіндік береді.

Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесін модернизациялаудың қазіргі кезеңінде педагогикалық үрдістегі субъектілердің өзара әрекет тиімділігін арттыру мәселесі өзекті болуда. Осы орайда, біз педагогикалық мәселелік жағдаяттарды шешетін тәсілдердің бірі ретінде қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі билердің даудамаларды шешу тәсілдерінде қолданылатын даналық сөздер мен астарлы сөйлеудің маңыздылығын ерекше атап көрсетеміз. Бұл жөнінде елеулі еңбектер жазған қазақ ғалымдарын атап көрсетуге болады. М.М. Мұқанов дәстүрлі мәдениеттегі халықтың фольклорлық творчестволық іс-әрекет түрлерінде көрініс табатын ақыл-ой әрекеті құрылымдарын зерттеген.

Қазақстандық ғалым Н.Қ. Тоқсанбаеваның зерттеу жұмысында ЖОО оқытушысын жүйелі-психологиялық даярлығының қазіргі заманғы жағдайы, ЖОО оқытушысын жүйелі-

психологиялық даярлау үдерісінің барысындағы маңызды әдіс ретінде, ЖОО болашақ оқытушысын жүйелі-психологиялық даярлығының жүйе құраушы факторы ретінде терең талдау жасалынған. Сондай-ақ ЖОО оқытушысын жүйелі-психологиялық даярлығының авторлық моделі құрастырылған, зерттеудің әдіснамалық негіздері, атап айтқанда гуманистік психологияның негізгі тұрғылары дәйектелген. Мұнда да магистранттарды педагогикалық қарым-қатынасқа психологиялық даярлау аспектілері арнайы қамтылмаған.

Онтогенездің әртүрлі кезеңдерінде осы екі үрдістің әлеуметтендіру процесінің ерекшелігін анықтайтын өздерінің «салмағы» бар.

А.В. Петровский жеке тұлғаны әлеуметтендірудің келесі кезеңдерін атап өтті:

1) бейімделу (автор балалық кезеңге қатысты);

2) дараландыру (жасөспірімдікке сәйкес келеді);

3) интеграция (жастарды сипаттайды).

Автор ұсынған екі сатының атауының өзі жеке тұлғаның онтогенетикалық дамуының түрлі кезеңдерінде әлеуметтендіру процесінің ерекшеліктерін көрсетеді. Егер «жеке тұлға-қоршаған орта» қатынастарында бейімделу кезеңінде жеке тұлғаны қалыптастырудағы айқын-даушы жағдай қоршаған ортаға берілсе және бала қоршаған орта мен ортақ қарым-қатынас орнатуға ұмтылған жеке тәжірибе ретінде әрекет ететін болса, онда жеке тұлғаны одан әрі дамыту, оның бөлінуіне деген ұмтылысы, автономизация біртіндеп көшбасшыға айналады, ол өздігінен К. Гольдштейн, Д.А. Леонтьев, В.А. Петровский, З.И. Рябикина, т.б. даму қажеттілігін көрсетеді (Тоқсанбаева, 2005а).

Әдебиеттерді талдау әлеуметтік тәжірибені жинақтаған кезде, адам өзінің ішкі қажеттіліктеріне сәйкес жеке тұлғаның айналасындағы қоршаған органы белсенді, саналы, мақсатты түрде қайта ұымдастыруды қамтамасыз ететін ерекше психикалық ұйым ретінде субъективтілікті қалыптастырады. Интеграциялық әлеуметтенуінің үздіксіз кәсіби білімденуіне субъективтіліктің өсуімен сыртқы бағыттағы жеке тұлғаның белсенділігі артып келеді. Ал «жеке тұлға – қоршаған орта» қарым-қатынасы өзара байланысты болып қалса да, олардың сипаты өзгереді. Әлеуметтендіру үрдісі сыртқы әлемге қарағанда бірінші орынға шығады. Жеке тұлға өзін қоршаған ортаға экстериоризацияға түсіріп, өзіндік қағидаларын оған енгізуге тырысады.

Тәжірибенің сипаттамасы.


Зерттеу әдістері:

1. «Ойлаудың индивидуальды стильдері» тесті (А. Алексеева, Л. Громовой);
2. «Күрделі аналогиялар» тесті;
3. Ойлаудың диагностикасы «Логикалық заңдылықтар» атты Липпманның тесті.
4. «Пиктограмма» әдіснамасы;
 - 1) үздіксіз білім берудің теориялық тұжырымдамалары; идеология, ал ғылыми-техникалық білім;
 - 2) осы тұжырымдаманың принциптерін іс

жүзінде іске асыратын қоғамның әлеуметтік-саяси құрылымының үлгісі;

3) басқару функцияларын орындайтын ғылыми-техникалық білім тасымалдаушылардың әлеуметтік рөлі.

«Күрделі аналогиялар» тесті бойынша оқытушылардың психологиялық даярлығы мен инновациялық әлеуметтенуінің үздіксіз кәсіби білімденуіне әсері нәтижесі орташадан жоғары нәтижені көрсетті. Орташадан жоғары деңгей көпшілік адамдардың жақсы нормасы ұғымдарды пайдалануда дәлсіздіктер сирек болады (1-сурет).



1-сурет – «Күрделі аналогиялар» тесті бойынша үздіксіз білім алатын мұғалімдердің салыстырмалы көрсеткіштер

Логикалық ойлау дегеніміз – логика заңдылықтарын пайдалана отырып, ой-пікірлерді, тұжырымдарды қолдануға негізделген ойлаудың бір түрі. Оқытушы өзінің кәсіби әрекетінде логикалық ойлаумен жұмыс жасау маңызды

болып табылады. Оқытушы логикалық ойлауды дамыту үшін әр түрлі тәсілдерді қолдана білуі керек. Оқытушының логикасын дамыту ұғымдарын өсіру, оқу-тәрбие үрдісіндегі ұдайы жүргізілетін жұмыс (1-кесте).

1-кесте – Ұғымдық ойлаудың даму деңгейі

Қателер саны	Баллдар	Ұғымдық ойлаудың даму деңгейі
0	6	Логикалық-ұғымдық ойлаудың өте жоғары деңгейі. Өзінің және басқалардың пікірлерінде ұғымдардың логикасы қатесіз байқалады.
1	5	Жақсы деңгей, көпшілік адамдардан қарағанда жоғары, өзінің ойларын ұғымдармен мен логикалық түрде анық жеткізе алады.
2	4	Көпшілік адамдардың жақсы нормасы ұғымдарды пайдалануда дәлсіздіктер сирек болады.
3-4	3	Орташа норма, ұғымдарды пайдалануда қателіктерге жол беріледі.
5-6	2	Төменгі норма, жиі «түсініксіз» өзінің ойларын дәл емес жеткізуді және бөтен пікірлерді дұрыс түсінбейді.
7 және одан да көбірек	1	Орташа деңгейден төмен ұғымдық ойлау немесе қазақ тілі ана тілі болып табылмайды, адам ұғымдардың өзгешелігін айыра алмайды.

Логикалық ойлаудың жоғары деңгейі даму кезінде, оқытушы өзінің және басқалардың пікірлерінде ұғымдардың логикасын қатесіз байқай алады.

Сонымен қатар көпшілік адамдардан қарағанда жоғары, өзінің ойларын ұғымдармен

мен логикалық түрде анық жеткізе алады. «Логикалық ойлау – логикалық сөйлеудің негізі, ал мұны – логикалық сөйлеуді ұстаз дамытуға тиіс», деп көрсетті К.Д. Ушинский.

Ойлаудың диагностикасы «Логикалық заңдылықтар» атты Липпманның тесті.

2-кесте – Ойлаудың диагностикасы «Логикалық заңдылықтар» атты Липпманның тесті бойынша оқытушылардың психологиялық даярлығы мен инновациялық әлеуметтенуінің үздіксіз кәсіби білімденуіне әсері салыстырмалы көрсеткіштері (%):

№	Логикалық ойлаудың даму деңгейі	Бақылау тобы	Эксперименттік топ
1	Логикалық ойлауы өте жоғары деңгей	15%	-
2	Логикалық ойлауы көпшілік адамдарға қарағанда жоғары	39%	25%
3	Көпшілік адамдардың жақсы нормасы	32%	50%
4	Орташа норма	7%	12,5%
5	Төменгі норма	7%	12,5%
6	Логикалық ойлау дамуының ортадан төмен деңгейі	-	-
7	Ойлаудың төмен деңгейі «миғұла»	-	-


Ойлаудың диагностикасы «Логикалық заңдылықтар» атты Липпманның тесті бойынша бақылау және эксперименттік топтар арасындағы салыстырмалы көрсеткіштері (диаграмма):

Ойлаудың диагностикасы «Логикалық заңдылықтар» атты Липпманның тесті бойынша

үздіксіз білім алатын мұғалімдердің нәтижелерінде айтарлықтай айырмашылық байқалды. Логикалық ойлауы көпшілік адамдарға қарағанда жоғары деңгейінде үздіксіз білім алатын мұғалімдерде жоғары көрсеткіш көрсетті (2-сурет).

Мұғалімдердің ойлау диагностикасы

■ Теориялық ойлау ■ Вербалдық ойлау ■ Продуктивтік ойлау



2-сурет – Ойлаудың диагностикасы

Білім беру жүйесіндегі ойлаудың қалыптасуына үздіксіз білім алудың мұғалімдер психологиялық әсерін жүргізілген әдістемелер арқылы байқамыз.

4-ші зерттеуімізге алынған «Пиктограмма» әдістемесі. Нәтижелерді бағалауда оның дұрыс қайта жанғыртылған сөздерінің мөлшері

есте сақтауға ұсынылған жалпы мөлшерінің арақатынасымен саналады. Бұл берілгендер жатталынған 10 сөздің нәтижелерімен сәйкес келуі мүмкін. Үздіксіз білім алатын мұғалімдердің өзіндік мазмұны оның білім қоры мен сыналушының көрінісін, жеке өмірлік тәжірибесінің ерекшеліктерін және оның ұғынумен, ой-

лаумен дерексіздену қабілетін көрсетеді. Жанама еске түсірудің ерекшеліктері сыналудың суреттерінің сапасы арқылы біленеді.

Барлық бейнелерді 5 негізгі түрге бөлуге болады: дерексіз (абстрактілік), белгі-рәміздік (символикалық), нақты, сюжеттік және метафоралық. Абстрактілік бейнелер (А) – қандай да бір танымайтын, бір пішінге келтірілмеген сызықтар түріндігі бейнелер.

Белгі-рәміздік (символикалық) (Б) – белгілер немесе рәміздер (символдар) (геометриялық пішіндер, көрсеткіш белгі, т.б.) түріндегі бейнелер.

Нақты (Н) – нақты заттар.

Сюжеттік (С) – бейнеленген заттан, белгілі бір жағдайға біріктірілген кейіпкерлер немесе белгілі бір іс-әрекетті жасап жатқан кейіпкер.

Метафоралық (М) – метафора түріндегі бейнелер, көркемдік қиял, мысалы «қуаныш» сөзінде көкке қанаттарын көтерген адам бейнеленеді.

Зерттеудің нәтижелерінің өңдеу кезінде әр суреттің жанына шамаланған түрде бейненің әріптік белгісі қойылады. Соңа соң сыналудың көп жиі қолданылған бейнелердің түрі арқылы ойлау процесінің сипаты туралы қорытынды шығаруға болады. Егер сыналуды суреттердің абстрактілі және белгілі рәміздік (символикалық) түрін пайдаланса, онда оны «ойшыл» түріне жатқызуға болады. Осындай адамдар абстрактылы-логикалық ойлаудың жоғары деңгейіне ие болып, ойлау іс-әрекетінде ақпаратты жалпылау мен синтездеуге тырысады.

Сюжеттік және метафоралық бейнелерді игерген сыналудың – өзінде көркемдік қабілеттері бар екендігін сезінетін немесе көркемдік шығармашылықпен айналасатын көркемдік ойлауы бар адамдардың тобын құрайды. Бейнелердің нақты түрін қалау жағдайында, тәжіри-


белік іс-әрекеттер нақты мәселелерді шешуге бағытталған тәжірибелік ойлау немесе тікелей қабылданатын объектер мен байланыстардың қолдануын түсіндіретін сыналудың нақты әрекеттік ойлаудың басымдылығын ұйғаруға болады. Біріншісі, жиі 10-11-ге дейінгі балаларға тән, екіншісі – басқарушы қызметкерлер мен мұғалімдерге. Ұғымдық ойлаудың қалыптасу деңгейін сыналуды сурет салу мен суреттер арқылы сөздерді қайта жаңғырту процесінде абстрактілі ұғымдар мен бейнелердің арасындағы байланысты қаншалықты еркін орнатқанын көрсетеді. Сонымен қатар сыналудың жеке тұлғасының ерекшеліктерінің диагностикасы үшін әдістеменің жобалау маңызына көңіл бөлу керек. Егер жанама ынталар ретінде жиі кішкене адамдар бейнеленсе және ауызша материалды қайта жаңғырту сәтті өтіп жатса, бұл көпшіліктің көрінісі деп есептеуге болады. Бірақ осындай бейнелердің қайта жаңғыруы қиын болса, онда тежеушіліктің (инфантильділік) көрінісі болып табылады.

Суреттердің сапасы бойынша сыналудың шаршау деңгейін бақылап көруге болады. Бұны үдейе түскен ұқыпсыздық пен тапсырманы орындаудың соңындағы қысымның босаңсуы көрсетеді.


«Пиктограмма» әдістемесі арқылы ойлаудың негізгі алты түрі анықталды:

- Теориялық ойлау
- Практикалық ойлау
- Вербалдық ойлау
- Көрнекілік ойлау
- Продуктивтік ойлау
- Репродуктивтік ойлау.

Қарастырылған ойлау түрлерінің бақылау және эксперименттік топтар арасындағы қалай байқалғандығына келетін болсақ (3-сурет).



3-сурет – Бақылау және эксперименттік топтар арасындағы теориялық ойлау мен практикалық ойлау нәтижелері



4-сурет – Продуктивтік және репродуктивтік ойлау нәтижелері

1) Теориялық ойлау – ғылыми ұғымдарды пайдалану негізінде заңдар мен ережелерді танып-білуден тұратын ойлаудың жоғары дамыған түрі. 2) Практикалық ойлау – ақиқатты физикалық түрде өзгертуге дайындық күйін (мақсат қою, жоспар, жоба, схема құру) білдіретін ойлау түрі. Бұл ойлау түрі кеңес ғалым-психологы Б.М. Тепловпен едәуір көп зерттелінген. Бұл ойлау түрлеріне байланысты білім беру жүйесіндегі ойлаудың қалыптасуына технократияның психологиялық әсерінің бар екендігін байқаймыз.

4-суретте мұғалімдердің вербалдық ойлау мен көрнекілік ойлау нәтижелері:

1) Вербалдық (сөздік) ойлау – тілдік құралды пайдалану арқылы адамның өз пікірін тұжырымдауы, білдіруі.

2) Көрнекі ойлау – мәселені шешу нақты бейнелі түрде көрінуінде жүзеге асатын ойлау түрі.

1) Продуктивтік ойлау – адамның ойлау іс-әрекетінің жаңа өнімін шығару.

2) Репродуктивтік ойлау – ойлау іс-әрекеті барысында өмірде бар білімдерді пайдалану.

Қорытынды

Біздің зерттеу мақаламыздың негізгі міндеті білім беру жүйесіндегі оқытушылардың психологиялық даярлығы мен инновациялық әлеуметтенуінің үздіксіз кәсіби білімденуіне әсеріне анықтама берілді. Қазақстандық және шетелдік білім беру жүйесінде *білім беру жүйесіндегі ойлаудың қалыптасуына инновациялы психологиялық әсері қарастырылып талдау жасалды*. Оқытушылардың психологиялық даярлығы мен инновациялық әлеуметтенуінің үздіксіз кәсіби білімденуіне әсерін тиімді пайдалану жолдары анықталды.

Сонымен қатар оқытушылардың психологиялық даярлығының үздіксіз кәсіби білімденуіне әсерінің тиімділігін және оны іске асыру әдістемесін әзірлеу, теориялық негіздеу және эксперименттік тексеру және эксперименттік жұмыстың нәтижелері мен процесі негізінде оқытушылардың кәсіби білімденуіне әсерін анықтауға арналған әдістемелік ұсынымдар әзірленді.

Әдебиеттер

Асмолов А.Г., Ягодин Г.А. Образование как расширение возможностей развития личности (от диагностики отбора – к диагностике развития) // Вопросы психологии. – 1992. – № 1. – С. 7.

Ақпарат көзі // Электрондік ресурс: <https://realnoevremya.ru/articles/115950-gruppa-kompaniy-tehnokratiya-reputaciya-dorozhe> (24.10.2018).

Балагур Д.А. Развитие личности учащегося в процессе обучения игре на трубе // Современные проблемы науки и образования. – 2014. – № 2. – С. 26-39.

Бассин Ф.В. К развитию проблемы значения и смысла // Вопросы психологии. – 1993. – № 6. – С. 22 - 39.

Бедерханова В.П. Педагогическая поддержка процесса индивидуализации человека в образовании // Психологические проблемы самореализации личности. Сборник научных трудов. – 2008. – С. 45-57.

Бедерханова В.П. Становление личности ориентированной позиции педагога: Монография. – Краснодар, 2001. – 220 с.

Брушлинский А.В. Деятельность, действие и психическое как процесс // Вопросы психологии. – 2004. – №5. – С. 20-23.

Джакупов С.М. Психологическая структура процесса обучения. – 2 изд. – Алматы: Казак университет, 2009. – 308 с.

Дубровина И.В. Формирование личности в переходный период от подросткового к юношескому возрасту. – М., 2007. – 181с.

- Зинченко В.П. Человек развивающийся. Очерки Российской психологии. – М.: Тривола, 2004. – 304 с.
- Леонтьев А.Н. Деятельность. Сознание. Личность. – М.: Политиздат, 1997. – 304 с.
- Леонтьев Д.А. Динамика смысловых процессов // Психол. журнал. – 2007. –Т.18. – №6. – 123 с.
- Макшанов С.И. Психодиагностика способности к управлению людьми в особых условиях: автореф. ... канд. психол. наук. – Л., 2001. – 19 с.
- Мешищев В.Н. Психология отношений. Избранные психологические труды / под ред. А.А. Бодалева. – М.: Издательство Института практической психологии. – Воронеж: НПО МО-ДЭК, 1995. – 356 с.
- Петровский А.В., Ярошевский М.Г. Основы теоретической психологии. – М.: ИНФРА, 2008. – 296 с.
- Токсанбаева Н.К. Білім беру жүйесінде адам ресурстарын дамытуды басқарудың қазіргі тенденциялары // Халықаралық ғылыми–практикалық конференция материалдары. – 2005. – № 12. – Б. 458-570.
- Эльконин Б.Д. Введение в психологию развития (в традиции культурно-исторической теории Л.С. Выготского). – М.: Тривола, 1994. – 542 с.

References

- Asmolov A.G., Yagodin G.A. (1992) Obrazovanie kak rashirenіe vozmojnostei razvitiya lichnosti (ot diagnostiki otbora - k diagnostike razvitiya) [Education as an extension of opportunities for personal development [from the diagnosis of selection - to the diagnosis of development]. Questions of psychology, no1, pp. 7-16.
- Balagur D.A. (2014) Razvitiе lichnosti uchashegosya v processe obucheniya igre na tube [Development of the student's personality in the process of learning to play the tuba]. Modern problems of science and education, no 2, pp. 3-16.
- Bassin F.V. (1993) Razvitiye problemy smisla [Development of the problem of meaning and sense]. Questions of Psychology, no 6, pp. 22-37.
- Bederkhanova V.P. (2008) Pedagogicheskaya podderjka processa individualizacii cheloveka v obrazovanii [Pedagogical support of process of individualization of the person in education]. Psychological problems of self-realization of the personality. Collection of proceedings. Vol. 32, pp. 46-57.
- Bederkhanova V.P. (2001) Stanovlenie lichnostno-orientirovannoi pozicii pedagoga [Formation of the teacher's personality-oriented position]. Monograph. Moscow: Higher school, 220 p.
- Brushlinsky S.V. (2004) Deyatelnost, deistvie i psichicheskoe kak process [Activity, action and mental as a process]. Questions of psychology, no 5, p. 20-23.
- Dubrovina I.V. (2007) Formirovanіe lichnosti v period ot porostkovogo vozrasta do vzroslogo [Formation of personality in the transition period from adolescence to adolescence]. M., 181 p.
- Dzhakupov S.M. (2009) Psichologicheskaya struktura processa obucheniya [Psychological structure of the learning process]. 2 ed. Almaty: Kazak University, 296 p.
- Elkonin B.D. (1994) Vvedenie v psichologiyu razvitiya [Introduction to developmental psychology]. Moscow: Ed. Trivola, 325 p.
- Leontiev A.N. (1997) Deyatelnost. Soznanіe. Lichnost [Activity. Consciousness. Personality]. Moscow: Politizdat, 215 p.
- Leontiev D.A. (2007) Dinamika semanticheskikh processov [The Dynamics of semantic processes]. The course of studies, Vol. 18, no 6, pp. 56-67.
- Makshanov S.I. (2001) Psichodiagnostika sposobnosti upravlyat lyudmi v osobih usloviyah [Psychodiagnostics of the ability to manage people in special conditions]. Cand. the course of studies, 19 p.
- Myasishchev V.N. (1995) Psichologiya otnoshenii [Psychology of relations]. Selected psychological works. Under the editorship of S. A. Volumes. Voronezh: NGO MO-DEK, 185 p.
- Petrovskii S.V., Yaroshevskii M.G. (2008) Osnovi teoreticheskoi psichologii [Foundations of theoretical psychology]. Moscow: Higher school, 224 p.
- Toksanbayeva N.K. (2005) Sovremennye tendencii menegmenta chelovecheskim resursami v sisteme obrazovaniya [Modern trends of management of human resources development in the education system]. Materials of the International scientific and practical conference, 458 p.
- Source of information: <https://realnoevremya.ru/articles/115950-gruppa-kompaniy-tehnokratiya-reputaciya-dorozhe> (retrieval date: 24.10.2018)
- Zinchenko V.P. (2004) Razvitiе lichnosti [Person developing. Essays of Russian psychology]. M: Trivola, 287 p.